

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(23) шілде-қыркүйек 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумексов Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСИ ТЫҢШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Суйнова А.Т.

8D02206-Тарих мамандығының 1-курс докторанты. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы.

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресей империясының Орталық Азия территориясын игеруде тыңшылық қызметті пайдалануының маңыздылығы мен ерекшелігі қарастырылған. Сонымен қатар, Ресей империясындағы тыңшылық қызметтің рөлі мен құрылымдық дамуы, Орталық Азия аймағындағы тыңшылық қызмет жүргізудің ерекшеліктері туралы айтылады. Шетелдік зерттеулер негізінде Ресей империясы мен Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасы, аймақтың геостратегиялық маңыздылығы талданады. Тыңшылық қызметі ежелден бері Ресей империясы сыртқысаяси ведомствалары мен әскери министрлігі қызметінің маңызды бағыттарының бірі болғандықтан, жаңа территорияларды игеру барысындағы барлау, саралау жұмыстары ерекше қабілетке ие тұлғаларға жүктеліп отырған. XIX ғ. басында әскери қимылдардың күшеюіне байланысты тыңшылық алдына жаңа міндеттер қойылып, жаңа күштер мен құралдар тартыла бастады. Тыңшылық қызметті басқару органдарының даму ерекшеліктері, басқару формалары мен тыңшылық қызметке пайдаланылған жансыздардың классификациясы сараланған. Онымен қоса XIX ғасырдың бірінші жартысында аймақта орын ала бастаған ағылшын-орыс бәсекелестігі жағдайындағы тыңшылық қызметі сипатталады. Екі ел бәсекелестігі тұрғысында, өңірдегі Ресей империясының тыңшылық қызметті жолға қоюы мен дамытуы, басқаруы, тыңшыларды таңдау ерекшеліктері қарастырылады. Орынбор шекаралық комиссиясының тыңшылар қызметін басқарудағы және дайындаудағы рөлі талданған.

Түйін сөздер: Орынбор шекаралық комиссиясы, тыңшылық, барлау қызметі, миссиялар, Ресей империясы, Орта Азия хандықтары, Қазақ даласы

ПОЛИТИЧЕСКАЯ РАЗВЕДКА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Суйнова А.Т.

КазНУ им. Аль-Фараби, докторант 1 курса специальности «История». Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются роль и важность разведывательных служб Российской империи в Центральной Азии в первой половине XIX века. Развитие разведывательной системы Российской империи и структурные изменения разведывательных служб. Также рассматривается геостратегическая важность региона и взаимодействие центрально-азиатских ханств с Российской империей. Расширение территории требовало обследование новых земель, изучение народов и местности. Разведка считалась важным направлением в работе внешнеполитических и военных ведомств Российской империи. В начале XIX века в связи с усилением военных действий перед службой разведки ставили новые цели и задачи, которые требовали новых сил и методов. Для таких целей привлекались люди с особенной подготовкой. Также рассматриваются особенности службы российских офицеров в

дипломатических миссиях под прикрытием. Рассматриваются особенности развития разведывательной службы Российской империи начала XIX века, форма управления и классификация разведывательной службы. Начавшаяся в начале века англо-русское соперничество в данной территории усилило важность разведывательных служб. Анализируется развитие разведки в свете соперничества двух держав Российской и Британской империи. Также рассматриваются особенности выбора разведчиков в миссии. Роль Оренбургской пограничной комиссии в подготовке и управлении разведывательных служб в Центральноазиатском регионе.

Ключевые слова: разведка, Среднеазиатские ханства, Казахская степь, Оренбургская пограничная комиссия.

POLITICAL INTELLIGENCE SERVICE OF THE RUSSIAN EMPIRE IN CENTRAL ASIA IN THE FIRST HALF OF THE XIXth CENTURY

Suinova A.T.

al-Farabi Kazakh National University, 1st year PhD student, specialty «History». Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. The article examines the role and importance of the intelligence services of the Russian Empire in Central Asia in the first half of the XIXth century. Development of the intelligence system of the Russian Empire and structural changes in intelligence services. The geostrategic importance of the region and the interaction of the Central Asian khanates with the Russian Empire are also considered. Expansion of the territory required the survey of new lands, the study of peoples and terrain. Intelligence was considered an important area in the work of the foreign policy and military departments of the Russian Empire. At the beginning of the XIXth century, in connection with the intensification of hostilities, the intelligence service was given new goals and tasks that required new forces and methods. For such purposes, people with special training were involved. It also examines the features of the service of Russian officers in undercover diplomatic missions. The features of the development of the intelligence service of the Russian Empire at the beginning of the XIXth century, the form of management and classification of the intelligence service are considered. The Anglo-Russian rivalry in this area, which began at the beginning of the century, increased the importance of intelligence services. The development of intelligence is analyzed in the light of the rivalry between the two powers of the Russian and British empires. The features of the choice of scouts in the mission are also considered. The role of the Orenburg border commission in the training and management of intelligence services in the Central Asian region.

Keywords: intelligence, Central Asian khanates, Kazakh steppe, Orenburg border commission.

Кіріспе

XIX ғ. Ресей империясы үшін шығыста Қытай шекарасынан, батыста Каспий теңізіне дейін, оңтүстікте Ауғанстан мен Иран шекараларынан, солтүстікте Орал мен Сібір аралығында созылған Орталық Азия территориясы геосаяси тұрғыдан стратегиялық маңызды аймақ ретінде қарастырылды. Географиялық кеңістігін кеңейтуді мақсат еткен Ресей империясы XIX ғ. бірінші жартысында аймақтың саяси, экономикалық ахуалын зерттеу шараларын бастады. Отарлау мақсатын көздеген империя аймақты зерттеуді ғылыми-зерттеу бағытындағы миссиялар, дипломатиялық миссиялар, сауда миссияларын жіберуден бастады. Экономикалық, мәдени тұрмыс салтының, тілі мен дінінің алшақтығы жаңа территорияны игеруде қиындықтар туғызды. Аймақ жөнінде мәлімет жинаудың басты құралы ретінде барлау жұмыстары негізіндегі тыңшылық пайдаланылды.

Тыңшылық және барлау ұғымдарының қалыптасу тарихына үңілер болсақ, ежелден бері белгілі мақсатқа жету жолында құпия түрде барлау жұмыстарын жүргізу арқылы қажетті мәліметтерге қол жеткізуді көздейді. Тыңшылық қызметі мұндай мағынада ежелден келе жатқан ұғым болып есептеледі. Алғашқы өркениеттердің бірі болып есептелетін шумерлерде Гильгамеш жайлы эпоста Нұх пайғамбар ұлы топан судың жетінші күні өңірді «барлау» мақсатында құстарды жібереді деп сипатталады. Ал Геродот еңбегінде барлау жұмыстары мен тыңшылық қызметі жайлы Дарийдің жорығы қарсаңында сақтарға жіберген елшісі мен сол өңірді барлау жұмыстарының нәтижесіндегі сақтардың әскери күші мен жердің географиялық ерекшеліктерін сипаттаған мәліметтеріне көруге болады. (Пермакова, 1996:13-14)

XII-XV ғғ. жататын ежелгі орыс жазба ескерткіштерінде жансыз (просок, прелагатай) сөзі құпия түрде басқа жанның кейпін жамылып мәлімет жинақтау мағынасында кездеседі (Алексеев, 1996:6).

Барлау қызметі территориялық қамту жағына және бағытына байланысты ішкі, сыртқы барлау және әскери, сыртқы саяси, өндірістік, ғылыми және т.с.с. түрлерге бөлінеді. Мемлекеттер арасындағы қатынастардың ішіндегі ең ежелгілерінің бірі соғыс болғандықтан, қарсыластың әскери жағдайығ соғыс күші, әліс және мықты жақтары жайлы мәліметтерді қалыптастыруда әскери тыңшылық қызметі пайдаланылды. Кейіннен халықаралық қатынастардың дамуына байланысты барлаудың басқа түрлерінің маңыздылығы артты. Барлау термині «intelligence» ағылшын тілінен тікелей аударғанда «ақыл» деп аударылып, мәліметті білу, ұғыну дегенді білдіретін тыңшылық қызмет деп аударылады.

Тыңшылық қызметі Ресей империясы үшін ежелден бері мемлекеттік маңыздылығы жоғары бағыт ретінде қарастырылып, сыртқы саяси және әскери ведомстволармен реттеліп отырды. Саяси тыңшылық қызметі – шетелдік мемлекеттің сыртқы және ішкі саясаты жөнінде мәлімет жинақтауға бағытталған қызмет. Тыңшылық мәлімет жинаудың заңды жолдарымен қатар, агентуралық аппарат негізінде қарсыластар жөнінде ақпарат «ұрлауды» көздейтін қызмет түрі. Саяси тыңшылық қызметінің оталық органы шетелдерде елшілер, консулдар сияқты аккредиттелген өкілдері бар Сыртқы істер министрлігі болып табылады. Аталған уәкілетті өкілдер жіберілген өңір бойынша негізгі барлау қызметтерін атқарды. Шетелдерде қызметтегі өкілдер, сол ортамен араласып, өңір халқының өмір салтын, рухани құндылықтарын сезіне отырып, сыртқы және ішкі саясат жүргізудегі ерекшеліктерді анықтап отырады. Тыңшылық қызметке тағайындалған адамдардың барлығы айла-тәсілдерді қолдана білетін, қу, ақылды, пысық болуы тиіс делінген.

Жіберілген өңірдегі ішкі және сыртқы саяси өзгерістерді уақытылы түсініп, орталыққа жеткізіп отыру елшілердің басты қызметі болып есептеледі. Мұндай мақсатта оларға елдің ішкі жағдайын жіті түсінетін және басқару элитасымен тығыз қатынас орната алатын адамдар, яғни құпия тыңшылар, жансыздар қажет. Барлау мәліметтерін жинақтау қызметін жіберілетін елдің тілі мен дінін, тұрмыс-салтын жақсы меңгерген елшілер, саудагерлер, тұрақты миссия өкілдері, жаушылар, діни адамдар, шекаралық аймақ тұрғындары, жекелеген әскери қызметкерлер атқарды. Сонымен қатар, тыңшылық қызмет үшін империя территориясында тұратын шетел азаматтары: көпестер, шіркеу қызметкерлері, шетелдік өкілдіктер қызметкерлері, әскери тұтқындар қолданылды. (Батюшин, 2002:12-13)

Материалдар мен әдістер

Орталық Азиядағы Ресей империясының саясатына қатысты біраз еңбектер жарық көргенімен, империя саясатының құралы ретінде қолданылған тыңшылық қызмет отандық және шетелдік тарихнамада толық зерттелген деп айта алмаймыз. Зерттеулердің бірінші тобын құраған авторлар Алексеев М., Колпакиди А.И. и Север А., Турилова С.Л. және ПермаковЕ. Ресей

империясындағы тыңшылық қызметтің пайда болуы, алғашқы басқару органдарынан бастап даму эволюциясын қарастырған. Ресей империясының Орта Азия хандықтарындағы тыңшылық қызметінің, жүргізілген сыртқы саясатының ерекшеліктері, дипломатиялық қатынастардың қиындықтары мен дамуы жайлы зерттеушілердің екінші тобы Аллворт Э. Бернс А., Уркварт Д. Глуценко Е.А. еңбектері баяндайды. Сонымен қатар Ресей империясының Орталық Азиялық саясатының негізі болып есептелетін Орынбор өңіріндегі сыртқы саяси қызметтер жайлы және өңірдің ерекшеліктеріне орай тыңшылық қызметті қалыптастырудың бағыттары жайлы зерттеушілердің үшінші тобы В.Г. Воловников, Н.А. Халфин, С.В. Горбунова, Г.Б. Избасарова, Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектерінен байқауға болады. Революцияға дейінгі еңбектерде тыңшылық қызметі әскери қызметтің бөлігі ретінде сипатталса, жаңа еңбектерде халықаралық қатынастар бағытының дамуына байланысты, көбінесе тыңшылықтың сыртқысаяси бағыты бөлініп сипатталады. Сонымен қатар, XVIII ғ. дейін тыңшылық бағыт пен дипломатиялық бағыт бір жүйеде көрсетіліп келді, осы кезеңнен бастап қана тыңшылық жеке бағыт ретінде қарастырыла бастады.

Мақаланың негізгі тұжырымын жасау барысында тарихилық және объективтілік ұстанымдары, жүйелік талдау және тарихи-салыстырмалы әдістері қолданылды. Тарихилық ұстанымы Ресей империясындағы тыңшылық қызметтің алғышарттары, дамуына талдау жасауға мүмкіндік береді. Объективтілік ұстанымы XIX ғасырдағы тыңшылық қызметтің басқарылу ерекшеліктерін, жауапты органдардың қызметін саралауға септігін тигізеді. Империядағы тыңшылық қызметінің даму ерекшеліктері мен құрылымдық өзгерістеріне, оның Орта Азия хандықтары мен Қазақ даласындағы жүргізілу ерекшеліктеріне қатысты шетелдік авторлардың тұжырымдары мен ойлары негізге алынып, аталған кезеңдегі сыртқы Ресей империясының сыртқы саяси бағытындағы тыңшылық қызметіне баға берілді.

Ресей империясында тыңшылық қызметі халықаралық қатынастар жүргізуде жаңа территорияларды қосып алуда басты құралдардың бірі ретінде қолданылды. Осыған орай жұмыстың басты мақсаты – Ресей империясының XIX ғ. бірінші жартысындағы Орталық Азияны жаулаудағы тыңшылық қызметінің рөлі мен маңыздылығын анықтау болып табылады. Қойылған мақсатқа сәйкес, саяси тыңшылық жүргізудің жалпы тәсілдерін айқындау және аймақтың өзгешелігіне орай жүргізілген тыңшылық қызметтің ерекшеліктерін анықтау міндеттері көзделеді.

Талдау

Ресей империясында тыңшылық қызметтің қалыптасуы. Ресей империясында тыңшылық қызметтің кәсіби мемлекеттік қызмет ретінде қалыптасуы ұзақ кезеңдерден тұрды. Ресей империясында тыңшылық қызметін жүргізу және ұйымдастырумен айналысатын алғашқы орталық басқарма органдары XVI ғ. құрыла бастады. 1549 жылы Иван IV халықаралық қатынастар жөніндегі барлық мәселелермен айналысатын құрылым Елшілік бұйрықты қалыптастырды. Бұл кезеңде дипломатиялық қызмет пен тыңшылық қызмет бөлінбей бір қатарда қарастырылды және кәсіби дипломаттар немесе кәсіби тыңшылар болған жоқ. 1654 жылы Алексей Михайлович патша тұсында тыңшылық қызметін басқаруға бағытталған Құпия істер бұйрығы жасалынды. 1716 ж. әскери жарғыда Петр I алғашқы рет тыңшылық қызметтің заңдық және құқықтық базасын қалыптастырады (Алексеев, 1998:16). XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында әскери қимылдардың күшеюіне байланысты тыңшылық алдына жаңа міндеттер қойылып, жаңа күштер мен құралдар тартыла бастады. Осы жолдағы басты міндет стратегиялық әскери барлаудың тұрақты органын құру болды. 1810 жылы әскери министр Барклай-де-Толли ұсынысымен аталған орган әскери министрлік құзырлығындағы Құпия істер экспедициясы деген атаумен құрылды. 1812 жылдан бастап бұл орган ерекше канцелярия деген атаумен жұмыс істеді.

Аталған орган келесідей міндеттер атқарды: стратегиялық барлау жұмыстарын жүргізу (шетелдерде стратегиялық маңызды құпия мәліметтерді жинақтау), жедел-тактикалық барлау жұмыстары (ресей шекараларындағы қарсыластар әскері жөнінде мәліметтер жинақтау) және қарсы барлау (қарсыластардың тыңшы қызметкерлерін табу). Құпия істер экспедициясы ұйымының тыңшылық қызметі шет мемлекеттердің әскерінің саны, құрылымы, қамал, бекіністерінің, қорларының жағдайы, үздік генералдарының біліктілігі, сонымен қатар халықтың сипаты, жағдайы, рухани дүниесі, жерінің сапасы туралы мәліметтер жеткізіп отыруға міндеттелді (Пермаков, 1996:111). Аталған агенттер дипломатиялық миссиялар қатарында елші-генералдар адъютанттары, шенеуніктер немесе сыртқы істер министрлігі қызметкерлері атын жамылып барлау қызметін жүргізді.

1812 ж. 27 қаңтарда Александр I үш құпия қосымша құжатқа қол қойды: «Жоғарғы әскери полиция құру», «Жоғарғы әскери полиция директоры үшін нұсқаулық», «Жоғарғы әскери полицияны басқару бойынша Бас штаб жетекшісіне нұсқаулық». Бұл құжаттар көршілес елдерде тыңшылық қызмет жүргізудің басты нұсқаулықтарына айналды. «Жоғарғы әскери полиция құру» құжатында тұрақты түрде тыңшылық қызметті пайдалану туралы айтылады (п.13 «Жансыздар жөнінде»):

1. «Тұрақты жалақы алатын жансыздар. Олар қажетті жағдайда керек адамдар атын жамылып қажетті орындарға жіберіледі. Бұл қызметке пысық, қу, тәжірибелі адамдар алынды. Олардың басты міндеттері мәлімет жинақтау, жеткізу, екінші деңгейдегі жансыздар мен хат-хабар тасымалдаушыларды дайындау.

2. Екінші деңгейдегі жансыздар бейтарап немесе бөтен жердің тұрғындары болуы тиіс. Олар талап етілген жергілікті мәліметтерді жеткізуі тиіс. Олар жеткізген мәліметінің маңыздылығына қарай жалақы алып отырады» (Алексеев, 1996:39).

Аталған нұсқаулықта, сонымен бірге тыңшылардың классификациясы беріледі:

- Одақтас тар территориясындағы бірінші деңгейдегі тыңшылар. Одақтас ел жерінде тыңшылық қызметті жергілікті шенеуніктер, жергілікті әскери қызметкерлер немесе сол территорияға жіберілген әскери қызметкерлер атқарады.

- Бейтарап елдер территориясындағы екінші деңгейлі тыңшылар. Бейтарап жердегі тыңшылық қызметті қажетті байланыстары мен таныстықары бар немесе ақылы түрде қажетті төлқұжаттар мен сапар желісімен қамтамасыз етуге қабілетті бейтарап бағыныштылар атқарды. Мұндай бейтарап бағыныштыларға бургомистрлер, кеден инспекторлары және т.б. жатқызылды.

- Қарсылас ел территориясындағы үшінші деңгейлі тыңшылар. Бұл тыңшылар қарсылас ел жеріне жіберіліп, тұрақты түрде сол территорияда қалдырылды. Мұндай тыңшылық қызметке монахтар, саудагерлер, емшілер, жергілікті уақ шенеуніктер тартылды. (Алексеев, 1996:49).

Сонымен қатар, «Жоғарғы әскери полицияны басқару бойынша Бас штаб жетекшісіне нұсқаулық» құжатында жоғарыда аталған тыңшылар қажет болған жағдайда жергілікті халықты күштеу негізінде жансыздарға айналдыру тәсілі қарастырылды. Мұндай тәсілдер қатарына түрлі марапаттар ұсынумен қатар, қоқан-лоқы көрсету арқылы көндіру тәсілдері жазылған.

Аталған нұсқаулықта әскери тыңшылық қызметі көбінесе ат үстінде жергілікті өңірді барлаумен сипатталған. Бұл қызметті көбінесе казактар атқарды және олардың әрқайсысында жергілікті өңірді жетік білетін жансыздар болды. (Алексеев, 1996:77).

Империядағы тыңшылық қызметтің жетістігін көрсететін тағы бір жағдай, 1810-1812 жж. аралығында Ресей империя территориясында жұмыс істеген 39 шетелдік әскери және азаматтық тұлғалар ұсталынғандығы жөнінде мәліметтер (Пермаков, 1996:113).

Наполеон соғыстары аяқталғаннан кейін әскери министрлікте қайта құру шаралары жүзеге асырылып, Бас штаб құрылады. Тыңшылық, барлау қызметтерін басқарып отыратын ерекше канцелярия таратылып, оның функциялары Бас штабтың генерал-квартирмейстерлік

Басқармасына өтеді. Алайда аталған органның бар атқарар қызметі Сыртқы істер министрлігінен алынған мәліметтерді өңдеу болатын. Осы кезеңде бірінші бөлім өзінің алғашқы қызметі ретінде барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында тыңшылыққа бірнеше офицерлерді, атап айтқанда, полковник М.П.Бутурлинді Париж елшілігіне, Поручик Вильбоа Бавария елшілігіне және бірнеше офицерлерді Хиуа мен Бұхараға дипломатиялық миссиялар кейпінде жіберді (Алексеев, 1998:38-39).

XIX ғасырдың басынан бастап империяның сыртқы саяси мақсаттарында Орынбор шекаралық аймағы ерекше стратегиялық маңызға ие болды. Орталық Азиядағы тұрақсыз әрі қауіпті жағдайлармен кезіккен аймақтың әскери губернаторлары барлау, тыңшылық жұмыстары, кедендік бақылау, қақтығыстарды әскери және дипломатиялық жолмен реттеу сияқты ішкі губернияларда кездеспейтін басқармалық функциялар атқарды. Орынбор Орта Азия хандықтарына жіберілетін дипломатиялық және сауда миссиялары жабдықталып, жіберілетін, азиядан келетін керуендер мен елшіліктерді қабылдайтын транзиттік аймақ ретінде Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарына жүргізілетін барлау-тыңшылық жұмыстарының орталығына айналды.

Аталған кезеңде Орталық Азия аймағына Ауғанстан мен Үндістан арқылы көз тіккен Британ империясының саясатын ескерсек, Орынбордың әскери-стратегиялық және саяси маңыздылығын түсінуге болады. Империялық үкімет пен Сыртқы істер министрлігі Орта Азия хандықтарындағы және Қазақ даласындағы саяси ахуал мен ағылшындықтардың өңірдегі іс-әрекеттері жайлы тұрақты түрде мәлімет алып отыру қажеттілігі артты. Орта Азия хандықтарында Ресей империясының бұл уақытқа дейін тұрақты өкілеттіліктері болмағандықтан, аймақты барлау және мәлімет жинақтау функциясын Сыртқы істер министрлігі «аймақ басшыларына», яғни Орынбор әскери губернаторларына, 1851 ж. бастап генерал-губернаторларына жүктеді.

Қазақ даласы мен Орта Азия хандықтарында тыңшылық қызмет атқаруда әскери губернаторлар ерекше кең уәкілділікке ие болып, еркін қимылдау артықшылығына ие болды. Орынбор шекаралық аймағы Шығысқа апарар жол ретінде қарастырылып, түрлі саяси маңызы бар іс-қимылдар жүргізілді. Жергілікті заң шығарушылық құзырға ие әскери губернаторлар, сонымен бірге, шекаралық істер, Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасты да басқарып отырды.

Орынбор аймағын басқару орталығында барлау, тыңшылық қызметін атқаратын, мәліметтерді қабылдап, сараптайтын немесе сыртқы саяси іс-қимылдар жүргізетін арнайы орган болған жоқ. Саяси, экономикалық және әскери сипаттағы мәліметтерді жинақтау мен сараптау жұмыстарын түрлі ведомстволармен басқарылатын үш негізгі мекеме атқарды: Орынбор шекаралық комиссиясы (Сыртқы істер министрлігі), жеке Орынбор корпусының Штабы (Әскери министрлік) және Орынбор кедендік округі (Қаржы министрлігі) (Огородников, 1995:27).

Тыңшылық қызметті басқарудағы Орынбор шекаралық комиссиясының рөлі. Орынбор шекаралық комиссиясы Ресей империясының шекаралық губерниялары арасында ерекше рөлге ие болды. Комиссия төрағасы тағайындалғанда Сыртқы істер министрінен нұсқаулық алып отырды. Төраға жанында «СІМ тағайындаған саяси қатынастарды реттеумен айналысатын» ерекше шенеулік қызмет етті. Бұл қызмет 1820 жылы алған тағайындалады. Нұсқаулықтың, бөлімінде барлық төтенше жағдайлар жөнінде СІМ ақпарат жеткізіліп тұруы тиіс екендігі айтылған. Тыңшылық қызметі бойынша жұмыстарды әскери губернатор басқарып отырды. Түскен мәліметтерді тексеру мен соңғы шешімді қабылдау да әскери губернатормен жүргізілді. Қазақ даласы мен Орта Азия хандықтары жайлы мәліметтер жазылған баяндау хаттары мен мәлімдемелер әскери губернатор қолымен расталған уақытта ғана Сыртқы істер министрлігі және Әскери министрлікке жіберілді. Шекаралық комиссия қызметі ерекше маңызға ие болды. Орта Азия хандықтарымен дипломатиялық қатынастар, аталған елдердегі саяси, әлеуметтік,

экономикалық ахуалын зерттеу жұмыстарын Комиссия қызметінде атқарушы бөлімнің бірінші үстелі жүргізді. Аталған бөлім тыңшылық қызметті басқарып отырды, яғни, Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтары жайлы мәліметтерді зерттеу, жүйелеу, сараптау жұмыстарын жүргізді. Орынбор шекаралық комиссиясы әскери губернатормен басқаралатын Сыртқы істер министрлігі Азиятық басқармасының бөлімі болды. Комиссия төрағасын аймақ басшысының ұсынысымен СІМ тағайындап, император бекітіп отырды. Көбінесе бұл қызметке әскери шенділер немесе ғалым шығыстанушылар тағайындалды. Кеңесшілер, бөлім басшылары, хатшылар, аудармашылар сияқты комиссияның басқа шендерін төраға ұсынысымен аймақ басшысы тағайындап отырды. Комиссия құрамына орыс офицерлері мен шенеуніктерінен бөлек беделді ақсүйек отбасынан шыққан 3-5 қазақ енгізілді. Орынбор шекаралық комиссия қызметкерлері жедел ойлау, барлау және тыңшылық жүргізе білу қасиеттеріне ие болуы тиіс еді (*Горбунова, 1998:15*).

Әскери тыңшылықпен Орынбор корпусы бас штабы бөлімі айналысты. Олар Орта Азия хандықтары және Қазақ даласының әскери күші, бекінісітері, әскер саны, әскерінің қауқары сияқты мәліметтерден бөлек, аймақтың сипаттамасы: жер бедері, өсімдіктері, су көздері жайлы ақпарат жеткізіп отырды. Аталған кезеңде Орта Азия далалары жайлы мәлімет ғылымда аз кездескендігін айта кеткен жөн. XIX ғ. 50 жылдарына дейін таяу кордон аймағында тұрақты тыңшылық барлау қызметі жүргізілген жоқ. Бас штаб бөлімі Хиуа мен Бұхараға жіберілетін дипломатиялық миссияларды құруда миссия құрамына барлау мәліметтерін жинақтау үшін қосылатын офицерлерді тағайындау және олардың жинақтауға қажетті мәселелерін дайындаумен айналысты.

Кедендік қызметтің негізгі тыңшылық қызметі Орта Азия хандықтарынан келген көпестер, олардың жолсеріктері, сауда керуендерінен жауап алу болды. Жауап алу барысында аталған аймақтардағы сауда конъюнктурасы жайлы, түрлі тауарлар бағасының ауытқуы, көршілес Ауғанстан, Парсы, Үнді елдерінен келетін тауарлар, соның ішінде ағылшын тауарлары жайлы мәліметтер жинақталды. Сонымен қатар, керуен жолына жақын арада келетін керуендер туралы мәліметтер: қашан қайдан және қандай тауармен келетіні жөнінде; ауа-райы, су көздері, керуендік жолдың жағдайы жөнінде; керуендерге шабуылдайтын дала қарақшылары, олардың мекендеген орындары, саны, басшылары жайлы ақпарат алынып отырды. Керуен көпестерінен Орта Азия хандықтарындағы және Қазақ даласындағы жағдайлар, биліктің ауысуы, беделді өкілдері, ішкі тартыстар, әскери қақтығыстар, сонымен бірге аймақтағы ағылшын тыңшыларының қызметтері жайлы ақпараттар анықталды. Әдетте, Шығыс елдерінен келетін елшілер жайлы алғашқы мәліметтерді көпестер мен керуеншілер беріп отырды. Кейіннен Орынбор шекаралық комиссиясы көпестер мен керуеншілер арасынан тұрақты тыңшылар жасақтап, ұзақ мерзімге қызметке алып отырды.

XIX ғасырдың басында орта Азия хандықтары туралы ақпарат алудың жалғыз көзі көпестер мен сауда керуендері болды. Мұндай сипаттағы дереккөзден алынатын мәліметтер сенімсіз, себебі, көбінесе көпестер қайшылыққа толы қауесеттер жеткізумен де айналысты. Кедендік округ жүргізген тыңшылық қызмет, яғни, билік қажетті мәліметке күш пен қаржы шығармай қол жеткізіп отырғандықтан тыңшылықтың бейтарап, баяу түрі болды. Алайда тыңшылықтың бұл жолы сол кезеңдегі барлау жұмыстары үшін айтарлықтай көмек келтірді. Тілі мен діні тұрмыс салты бөлек Орталық Азия елдеріне енуде өңірдің жағдайын түсіне білетін өкілдер қажет болды. Ресей империясы мұндай рөлге татар молдалары, көпестерін қолданды. Татар көпестері Орынборға сауда жасауға келген керуен басшыларын, саударгерлер мен көпестерді, сот приставтарымен қатынас орнатып, сұрастыру арқылы мәлімет жинақтаған. Өз есептерінде олар жергілікті басшылыққа саудагерлерден естіген мәліметтерін жеткізіп отырды. Мұндай мәліметтерге жақында келуге тиісті дипломатиялық миссиялар туралы ақпараттар беріп отырды. Орынбор шекаралық комиссиясы аудармашысы П.Демезон мен прапорщик И.Виткевич

бұхарлықтардың көзқарасына Түркістан елдерімен және қырғыздармен сауда жасайтын, шекаралық аймақта тұратын және татарлардың ықпалы жайлы айтқан болатын. Екатерина II «татарларды» Қазақстан мен Орта Азиядағы сыртқысаяси жоспарларды жүзеге асыруда аймақтағы империя заңдарын таратудың құралы ретінде сипаттаған заң жобасын шығарған. Ресей империясының ішкі аймақтарынан географиялық орналасуы мен экономикалық және мәдени тұрмыс салтымен ерекшеленетін Орынбор аймағы ерекше миссияларға ие болды. Хиуа мен Қоқан хандықтарына қатысты стратегиялық саясат жүргізуде және британдықтардың Орталық Азиядағы мақсатын анықтауда билікке тұрақты түрде шынайы мәлімет жеткізетін өкілдер қажет болды. Аталған хандықтардан келген елшіліктер мен сауда кеуендеріне бөлінген аудармашылар миссия мақсаты, миссиядағы ықпалды тұлғалар, хандықтардағы әскер саны мен күші жайлы мәліметтер жинақтап отырды (Sultangalieva G. 2012:62-63).

XIX ғасырдың 30 жылдарында саяси тыңшылық қызметінің басты назары Орта Азия территориясына ағылшындықтардың енуіне жол бермеуге негізделген стратегиялық тыңшылық пен антиағылшындық қимылдарға бағытталды (Urquart, 1841:28). Шекаралық комиссия қызметтің саяси стратегиялық тыңшылық бағыты 1833 жылы аймақтың әскери губернаторы ретінде В.А.Перовскийдің тағайындалуымен белсенді дами бастады. Стратегиялық маңызды кең ауқымды Орынбор шекаралық аймағына императордың жақын адамының тағайындалуы Ресей империясы мен Орта Азия хандықтары арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуімен де байланысты болды. Хиуа хандығының Орта Азияны Иран, Ауғанстан, Үндістанмен байланыстыратын сауда керуендерін бақылауда ұстауға ұмтылуы, керуендерге салық салып, тонау қарақшылық жүргізуі Ресей империясы мен Хиуа хандығы қатынасын одан әрі шиеленістіре түсті. Сонымен қатар Орынбор билігі үшін Хиуа хандығы мен Бұхара әмірлігіндегі сауда керуендерін тонау кезінде тұтқынға түскен орыс азаматтарын қайтару мәселесі басты назарда болды (Глущенко, 2010:211).

Патша үкіметі Хиуа және Бұхара хандықтарымен сауда және саяси қатынастырын реттеуді көздеді, ал Орынбор шекаралық комиссиясы осы хандықтарға жетер жолдағы Кіші қазақ Ордасымен шекарлас болды (*Избасарова, 2016*). Дәл осы Кіші Орда территориясы Ресей империясының Орта Азия хандықтарына апарар плацдарм ролін атқарды. Сондықтан, патша үкіметі үшін қазақ даласымен қарым-қатынасы геосаяси маңызға ие мәселе болды. Патша үкіметінің қазақтармен қатынастарын Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті бақылауда ұстады. Оның жыл сайынғы есептерінде Кіші және Үлкен Ордадағы жағдайларға байланысты жекелеген бөлімдер болды. Кейіннен 1846 ж. 10 желтоқсандағы министрліктің құрылымын айқындаған «Сыртқы істер министрлігінің мекемелері» жарғысында «Азия департаментінде сыртқы істер министрлігінің негізгі басшылығындағы Кіші Орда деп аталатын Орынбор қазақтары және Үлкен Орда қазақтарына қатысты істер қарастырылады» деп айтылған. Осылайша, аталған аймақты ресей билігінің ерекше мүддесі көзделген «шетелдік тарритория» ретінде қарастырылған (*Турилова, 1996:78*). Жыл сайын Комиссияға «азиаттық елшілер мен депутаттарды жіберуге және қамтамасыз етуге» арнайы ақша бөлініп отырды. Комиссия шенеуніктері СІМ мундирлерін киюіне рұқсат берілді. Комиссия арқылы Орта Азия хандықтарымен саяси қатынастар реттеліп отырғандықтан Комиссия Ресей империясының сыртқы саяси ведомствасы ретінде қарастырылды.

Жаңа тағайындалған әскери губернатор В.А.Перовский Ресейдің Орталық Азия территориясына енуінің басты құралы тыңшылық деп есептеді. В.А.Перовскийдің бұйрығымен Орынбор шекаралық комиссиясының Орта Азияда және Қазақ даласындағы әрбір шендісі аймақ жөнінде ақпарат жинақтау мақсатында өз жансыздарын тағайындауға міндеттелді. Сонымен бірге, аймақ жайлы мәліметті толықтыру мақсатында В.А.Перовский тыңшылық мәліметтермен Сібір генерал-губернаторымен алмасып отырды. В.А.Перовский тыңшылықтың барлық

жолдарына аса жоғары маңыздылықпен қарағандығын оның тыңшыларға жасаған нұсқаулығынан байқауға болады.

Орынбор билігі басты назарды сауда қатынастарына бағыттады. Орынбор арқылы өтетін сауда қатынастарының пайыздық мөлшері Ресей империясы жалпы саудасының аздаған бөлігін қамтыды, алайда империяның басты мақсаты аймаққа шетелдіктердің енуін тоқтатып өз үстемдігін бекіту еді. XIX ғасырдың басында Ресей империясының өндірістік қатынастарда Англиядан артта қалғаны байқалды. Ресей империясы билігі, көпестер қауымы Британдық өкілдердің Үндістан, Ауғанстан, Иранда орныққаны сияқты Орталық Азияда орнығуынан сескене бастады (Rawlinson, 1875:87). Орынбор Орта Шығыстағы жағдайды жіті бақылуы тиіс болды. Алайда, XIX ғ. 20-30 жылдары Ұлыбритания Ресейден ілгерілеп кетті. Британдық Ост-Үнді компаниясының лейтенанты А.Бернстың Әмударияның оң жағалауы мен Зеравшан жағалауларындағы барлау экспедициясы туралы мәлім болды (Hopkirk, 2006:211). Осы жағдайларды ескере келе Ресей империясы саяси билігінің басты міндеті аймақтағы өз позицияларын сақтап қалуға бағытталды. В.А.Перовский осы мақсатта Бұхараға шығыс тілдерін еркін меңгерген Орынбор шекаралық комиссиясының португел-прпорщикі Я.Виткевичті тыңшы ретінде жіберуді жөн көреді. Орынбор шекаралық комиссиясындағы қызметі барысында Я.Виткевич қоныстар мен ауылдарды аралап, қазақтардың тұрмыс-салты мен ислам дінінің заңдылықтарын меңгерумен айналысқан. Бұхараға тыңшы ретінде жіберу үшін Я.Виткевичке «Бұхараға келген уақытта Виткевич мырзаның назар аударуы тиіс заттар туралы хаттама» атты құпия нұсқаулық, бөлінетін қаражат, Бұхар әміріне арналған сый дайындалып, кететін уақыты мен күні белгіленеді. Алайда жіберілетін күні Я.Виткевичтің офицерлік шенінің болмауына байланысты миссияның тоқтатылатындығы жайлы хабар келеді. В.А.Перовский жоспарды кейінге шегермей Я.Виткевич орнына комиссияда аудармашы-тілмаш қызметін атқарып жүрген шығыстанушы П.И.Демезонды жіберуге шешім қабылдайды. Алайда, 1834 жылы Я. Виткевич В.А. Перовский адъютанты болып тағайындалады. 1835 жылы Я. Виткевичті қазақ даласына қазақ рулары арасындағы өзара алауыздықты анықтау, барлау мақсатында жіберу көзделеді. В.А. Перовский ойынша Я.Виткевичті қазақ даласына, соның ішінде Сырдария өңіріне жіберу Орталық Азия аймағындағы елдер жөнінде маңызды мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Орынбор шекаралық комиссиясы төрағасы Г.Ф. Генс Орта Азия халықтарын жақсы білетін маман және арнайы тыңшылар қызметі негізінде жүргізілетін Қазақ даласын, Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтарын «құпия» зерттеу жүйесінің ұйымдастырушы болды. Я. Виткевичті қазақ даласына тыңшылыққа дайындау барысында Орынбор шекаралық комиссиясы төрағасы Г.Ф. Генс елшіге арналған арнайы нұсқаулық дайындады. Аталған нұсқаулықта «Орда тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін, сыртқы жаулардан сақтау мақсатында ордалықтарды патша үкіметіне адал болуға, заңдарды қатаң сақтауға және басшылыққа бағыну қажеттілігін жеке кеңес беру және иландыру арқылы бағыттау» жөнінде жазылды. Нұсқаулықтағы маңызды жағдай Орта Азия хандықтары жайлы сыбыс, қауесеттерді назардан тыс қалдырмау қажеттілігі жайлы «бұхарлықтар мен хиуалықтар бізге тиімсіз жақтың кеңестеріне құлақ асуға бейім. Ондай кеңестер Орта Азияға келген еуропалықтардан келуі мүмкін, сондықтан біз олармен қатынастарды жіті бақылауда ұстауымыз қажет» делінген. Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы, ұзақ жылдар бойы Орынбор өңірінде қызмет еткен Г.Ф. Генс жергілікті халықтардың, соның ішінде қырғыздар мен қазақтардың арасындағы саяси ойлардың бағытын анықтауды көздеді (Матвиевская, 2016:96).

XIX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап Ресей империясының Орталық Азиядағы саясатының бағыты аймақтағы ағылшын-орыс бәсекелестігі сипатында жүргізілді. В.А. Перовскийдің Хиуаға жорығының сәтсіздікпен аяқталуы да империяның осы кезеңде аймақтағы ықпалының бәсеңдеуіне алып келді. Аталған жағдайларда аймақ ахауалын бақылауда ұстаудың

басты жолдарының бірі саяси тыңшылық болды (Аллворт, 2017:123). Осылайша, аймаққа ықпал ету мақсатында дипломатиялық соғыс басталды. Орта Азия хандықтарына жіберілетін дипломатиялық миссиялар мен елшіліктері әдеттегі нұсқаулықтардан бөлек аймақтағы ағылшын саясаты мен ағылшын тыңшыларын бақылауға арналған құпия тапсырмалар алып отырды.

1842 жылы генерал В.А. Перовский ұсынысы негізінде полковник Данилевскийдің басшылығымен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында империяның аймақтағы саясатының кедергісі ретінде қарастырылған Хиуа хандығына миссия жіберуге шешім қабылданады. Миссияның басты мақсаты сауда келісімін жасау; хиуалықтардың қырғыз даласындағы ықпалын төмендету; оңтүстік шекарасын айқындау; хиуалықтарға рухани ықпалдың артуын күшейту болды. Сонымен бірге, Данилевскийге берілген нұсқаулықта құпия тапсырмалар ретінде ханды Хиуа жерінде орыс тыңшысын қалдыруға көндіру және Хиуаға барар жолдың және өңірдің әскери – топографиялық түсірілімін жасау тапсырылды. Миссия сапары Хиуадағы биліктің ауысуымен қатар келгендіктен, біраз қиындықтарға қарамастан, қойылған мақсаттарға қол жеткізіледі. Сауда келісімі жасалынып, шекара анықталады. Алайда, жаңа билікке жасалынған сый-сияпаттар мен қойылған талаптарға қарамастан Хиуа ханы өңірде империяның ресми саяси тыңшысын да сауда тыңшысын да қалдыруға келісім бермейды (Воловников, Интернет ресурс). Осылайша, өңірдегі саяси, сауда ахуалы жіберілген сауда өкілдері арқылы ғана анықталып отырды. Хиуаға жіберілген сауда тыңшыларының арқасында орыс көпестігінің аймақ саудасының ерекшеліктері мен сұраныстары айқындалып, Орта Азия хандықтарымен сауда қатынастарының бағыты жоғарылайды. (Иванин, 159) Алайда, ХІХ ғасырдың екінші жартысында бұл келісімнің күші жойылғандығы мәлім.

Империяның сыртқы саяси қызметін жүргізудің басты құралдарының бірі болған тыңшылық қызметті 1826 жылдан бастап Үшінші бөлім де жүргізе бастады. Олар ішкі тыңшылық қызметтен бөлек ұсақ шенеуніктер, жалпы-жұмысшылар т.б. адамдардан тұратын дамыған тыңшылық желісінің есебінен империя территориясына келген шетелдіктер қызметін бақылаумен айналысты. 1836 жылдан тыңшылық қызметті Бас штабта құрылған үш бөлімнің екінші әскери-ғылыми бөлімі басқарып отырды. Аталған кезеңде саяси тыңшылықтың басты міндеттерінің бірі контрбақылау негізінде ағылшынын тыңшылығы қызметін тоқтатуға бағытталып, басты шаралар сырқы істер министрлігінен түскен мәліметтерді сараптаумен шектелді (Колпакиди, Север 2010:89)

Орта Азия хандықтарымен қатынасының шиеленісуі мен Ресейдің Қырым соғысында жеңілісі биліктің тыңшылық жұмыстарына баса назар аударуына себеп болды. Осылайша, 1856 жылы алғаш рет тыңшыларға арналған жалпы Нұсқаулық жасақталды. Аталған нұсқаулықта «әрбір тыңшы нақты әрі сенімді ақпаратқа ие болуы тиіс». Нұсқаулықтың 16 бөлімінде әр тыңшы өзі мүше болатын миссия басшылығына бағынышты болуға міндетті екендігі, миссия басшысының рұқсатымен ғана белгілі шаралар жүргізуге құқылы екендігі және күтпеген жағдайларда миссия басшысының нұсқауы негізінде ғана әрекет етуге міндетті екендігі айтылады. Саяси қатынастарға қатысты жиналған мәліметтер министрге жіберілместен бұрын миссия басшысына баяндалып, шығынды қажет ететін төтенше жағдайларда қосымша жәрдемақы сұрауына рұқсат етілді (Пермаков, 1996: 152-153).

Қорытынды

Осылайша, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азиядағы сыртқы саясатының басты қадамдары аймақты тыңшылық қызмет негізінде зерттеу-барлау жұмыстарымен сипатталды. Аталған кезеңде Хиуа, Бухара Қоқан хандықтарына енуде қазақ даласы Ресей империясы үшін плацдарм қызметін атқарды. Орталық Азия аймағына екінші ойыншы ретінде Британ империясының көз тігуі, патша үкіметінің аймақтағы саясатын жеделдетуге итермеледі.

Хиуағадағы В.А. Перовскийдің сәтсіз жорығы орталықазиялық мәселені халықаралық деңгейге көтеріп, аймақтағы ағылшындықтардың назарын арттырды. Осы кезеңнен бастап Орталық Азия аймағы әлемдік саясаттың бір бөлігіне, екі державаның ойын алаңына айналды. Сол себепті екі мемлекет те Орталық Азиялық елдермен қатынастарда дипломатиялық ойындар тәсіліне көшті. Бұл жағдайлар саяси тыңшылық бағытты күшейтуге, миссиялардағы тыңшылар мен жансыздардың қызметін жетілдіруді талап етті.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Аллворт Э. (2017). Россия: прорыв на Восток. Политические интересы в Средней Азии. Litres. 515 с.
- Алексеев М. (1998). Военная разведка России от Рюрика до Николая II. Кн. II. Москва. 432 с.
- Алексеев М. (1996). Лексика русской разведки. Москва. 117с.
- Батюшин Н. С. (2002). Тайная военная разведка и борьба с ней. Москва. 259 с.
- Волонников В. Г., Халфин Н. А. Записки о Бухарском ханстве (Отчеты П.И. Демезона и И.В. Виткевича). сетевая версия -
Thietmar. <http://vostlit.narod.ru/Texts/rus4/Demeson/pred.htm> Просмотрено 15.04.2020
- Глуценко Е.А. (2010). Россия в Средней Азии: завоевания и преобразования. Москва. 608 с.
- Горбунова С.В. (1998). Оренбургская пограничная комиссия в Младшем казахском жузе. Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Москва. С.15.
- Избасарова. Г.Б. (2016). «Почетные заложники» как отражение государственной политики Российской империи к подвластным народам (на примере казахов Младшего жуза). Клио. №6. С.45.
- Колпакиди А.И. и Север А. (2010) Спецслужбы Российской Империи. Уникальная энциклопедия. Москва. 768с.
- Матвиевская Г. П. (2016). Оренбургский неплюевский кадетский корпус. Очерк истории. Оренбург. 174 с.
- Огородников Н.М. (1995). Оренбург - край пограничный. Оренбург. 255с.
- Очерки истории российской внешней разведки. Под ред. Е.Пермакова. (1996) Москва. Т.1. С.226
- Полное собрание законов Российской империи http://nlr.ru/e-res/law_r/search.php Обращение 15.04.2020
- Турилова С.Л. (1996) Структура внешнеполитического ведомства России (1720-1917 гг.). Дипломатический вестник. №12. С.78.
- Burnes A. (1838) Journey to Bokhara. L. 281p.
- Hopkirk P. (1990). Great Game: Secret service in High Asia. 592
- Sultangalieva G. (2012) The Russian Empire and the Intermediary Role of Tatars in Kazakhstan: The Politics of Cooperation and Rejection, from the Second Half of the Eighteenth to the Early Twentieth Century// Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge, 2012, 296 p.
- Rawlinson H. (1875) England and Russia in the East. L. 190 p.
- Urquart D. (1841) Diplomatic transactions in Central Asia, from 1834 to 1839. L. 240 p.

References

- Allvort E. (2017). Rossiya: proryv na Vostok. Politicheskie interesy v Srednej Azii. [Russia: a breakthrough to the East. Political Interests in Central Asia] Litres. 515 s.
- Alekseev M. (1998). Voennaja razvedka Rossii ot Rjurika do Nikolaja II. Kn. II. [Russian military intelligence from Rurik to Nicholas II] Moskva. 432 c.
- Alekseev M. (1996). Leksika ruskoj razvedki. [Vocabulary of Russian intelligence] Moskva. 117s.
- Batjushin N. S. (2002). Tajnaja voennaja razvedka i bor'ba s nej. Moskva. 259 s.
- Volovnikov V. G., Halfin N. A. Zapiski o Buharskom hanstve (Otchety P.I. Demezona i I.V. Vitkevicha). [Notes on the Bukhara Khanate (Reports by P.I. Demezov and I.V. Vitkevich)] setevaja versija - Thietmar. <http://vostlit.narod.ru/Texts/rus4/Demeson/pred.htm> Prosmotreno 15.04.2020
- Glushhenko E.A. (2010). Rossiya v Srednej Azii: zavoevanija i preobrazovanija. [Russia in Central Asia: Conquest and Transformation] Moskva. 608 s
- Gorbunova S.V. (1998). Orenburgskaja pograničnaja komissija v Mladšem kazahskom zhuze. Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. [Orenburg Border Commission in the Junior Kazakh Zhuz] Moskva. S.15.
- Izbasarova. G.B. (2016). «Pochetnye zalozhniki» kak otrazhenie gosudarstvennoj politiki Rossijskoj imperii k podvlastnym narodam (na primere kazahov Mladšego zhuza). [“Honorary hostages” as a reflection of the state policy of the Russian Empire towards subordinate peoples (on the example of the Kazakhs the Younger Zhuz)] Klio. №6. S.45.
- Kolpakidi A.I. i Sever A. (2010) Specluzhby Rossijskoj Imperii. Unikal'naja jenciklopedija. [Special services of the Russian Empire. Unique encyclopedia.] Moskva. 768c.
- Matvievskaja G. P. (2016). Orenburgskij nepljuevskij kadetskij korpus. Očerki istorii. [Orenburgskij nepljuevskij kadetskij korpus. Očerki istorii] Orenburg. 174 s.
- Ogorodnikov N.M. (1995). Orenburg - kraj pograničnyj. [Orenburg - border region] Orenburg. 255s.
- Očerki istorii rossijskoj vneshnej razvedki. Pod red. E.Permakova. (1996) [Essays on the history of Russian foreign intelligence] Moskva. T.1. S.226
- Polnoe sobranie zakonov Rossijskoj imperii http://nlr.ru/e-res/law_r/search.php Обращение 15.04.2020
- Turilova S.L. (1996) Struktura vneshnepoliticheskogo vedomstva Rossii (1720-1917 gg.). [The structure of the Foreign Ministry of Russia (1720-1917 gg.)] Diplomaticeskij vestnik. №12. S.78.
- Burnes A. (1838) Journey to Bokhara. L. 281p.
- Hopkirk P. (1990). Great Game: Secret service in High Asia. 592
- Sultangalieva G. (2012) The Russian Empire and the Intermediary Role of Tatars in Kazakhstan: The Politics of Cooperation and Rejection, from the Second Half of the Eighteenth to the Early Twentieth Century// Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge, 2012, 296 p.
- Rawlinson H. (1875) England and Russia in the East. L. 190 p.
- Urquart D. (1841) Diplomatic transactions in Central Asia, from 1834 to 1839. L. 240 p.

МАЗМҰНЫ

Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫ ПАНТЕОНЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АРХЕТИПТЕРДІҢ ШЕЖІРЕСІ.....	5
Алдажұманов Қ.С., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ.....	13
Ауэзов Е.К., Сыдыков А.Ж., Крупко И.В. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ХАЛҚЫНЫҢ ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАУЫ ТУРАЛЫ.....	30
Аяған Б.Ғ., Сатанов А.Б. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУ ӘДЕБИЕТТЕРІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАҢҒЫРТУ.....	41
Далаева Т.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУНІКТЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ МАРАПАТТАРЫ (XIX – XX ғасырдың басы).....	55
Жүнісханов А.С., Дупью П. Доумани КӨКЕНТАУ ЖӘНЕ СЕМЕЙТАУ ТАУ МАССИВТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	70
Кишкенбаева Ж.К., Маслов Х.Б., Қозыбаева М.М. XVIII – XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСЕЙЛІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢДЕРІ.....	79
Қасымова Д., Құдайбергенұлы Б. МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ӨЗБЕКСТАН ОҚУЛЫҚТАРЫ МЫСАЛЫНДА).....	90
Лапин Н.С., Аканов Қ.Ғ. 2000-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХНАМАДА.....	100
Матыжанов К.С. ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТЕГІ БАЛАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕЖЕЛГІ РӘСІМДЕР.....	118
Матыжанов К.С. ҚАЗАҚ ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ КӨРІНІСІ.....	130
Молдақимов А.С., Сыздықова А.М., Жантоқова Г. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ: ПАВЛОДАРДАҒЫ МЕТОДИКАЛЫҚ ШІРКЕУДІ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....	143
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛИТВАЛЫҚТАР.....	154
Опабекова Г.П. X-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	165
Садвокасова З.Т. АДЫГЕЙЛІКТЕРДІҢ РУХАНИ ӨМІРІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАРИХНАМАСЫ.....	177
Сәкенов С.Қ., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСІКТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ҚОНЫС КЕШЕНДЕРІНІҢ ТОПОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ЛАНДШАФТЫ.....	189
Суйнова А.Т. XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСИ ТЫҢШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	199
Тылахметова А.С. РЕСЕЙ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ (1748–1772 ЖЖ.).....	211
Түлешова У.Ж., Галимов Е.А. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДВОРЯНДАРЫНЫҢ РӨЛІ.....	226
Уалтаева А.С. ЖЕТІСУ ПЕТРОГЛИФТЕРДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	238

Хибина З.Н. ГЕНРИ БОЛИНГБРОКТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН АҒАРТУШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ.....	245
Шамшиденова Ф.М. КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ АНТ БЕРУ РӘСІМДЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....	265
Шотанова Ғ.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев Ә.А. ПЕТРОВ ҚОҒАМЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БУКЕЙ ОРДАСЫНДА ХАЛЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	276
Шілдебай С.Қ., Алдажұманов Қ.С. НҰРБАПА ӨМІРЗАҚОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІ.....	291
Ізбаиров А.К., Өжкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. ҚАЗАҚТАРДЫ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫНА ҚАБЫЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ.....	315

СОДЕРЖАНИЕ

Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В. ГЕНЕАЛОГИЯ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ АРХЕТИПОВ В ПАНТЕОНЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	5
Алдажуманов К.С., Асанова С.А. О НАЦИОНАЛЬНЫХ ВОИНСКИХ ФОРМИРОВАНИЯХ КАЗАХСТАНА.....	13
Ауэзов Е.К., Сыдыков А.Ж., Крупко И.В. К ВОПРОСУ О ПРИНЯТИИ ИСЛАМСКОЙ РЕЛИГИИ НАСЕЛЕНИЕМ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	30
Аяган Б.Г., Сатанова А.Б. ОСВЯЩЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В УЧЕБНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ШКОЛ КАЗАХСТАНА.....	41
Далаева Т.Т. НАГРАДЫ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСКИХ ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (XIX – НАЧ. XX ВВ.).....	55
Жунисханов А.С., Дупью П. Доумани РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗВЕДКИ НА ТЕРРИТОРИИ ГОРНЫХ МАССИВОВ КОКЕНТАУ И СЕМЕЙТАУ.....	70
Кишкенбаева Ж.К., Маслов Х.Б., Козыбаева М.М. РАННИЕ ЭТАПЫ ИЗУЧЕНИЯ ТЮРКСКОГО ФОЛЬКЛОРА В РАБОТАХ ЕВРОПЕЙСКИХ И РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ XVIII – XIX ВВ.....	79
Касымова Д., Құдайбергелұлы Б. О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕНТИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ШКОЛЬНЫЕ УЧЕБНИКИ ИСТОРИИ (НА ПРИМЕРЕ УЧЕБНИКОВ УЗБЕКИСТАНА).....	90
Лапин Н.С., Аканов К.Г. КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В 2000-Е ГГ. В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	100
Матыжанов К.С. РЕЛИКТЫ ДРЕВНИХ РИТУАЛОВ, СВЯЗАННЫХ С РОЖДЕНИЕМ РЕБЕНКА В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ.....	118
Матыжанов К.С. ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСКОМ ОБРЯДОВОМ ФОЛЬКЛОРЕ.....	130
Молдакимова А.С., Сыздыкова А.М., Жантокова Г. МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ МЕТОДИЧЕСКОЙ ЦЕРКВИ В ПАВЛОДАРЕ.....	143
Мухатова О.Х. ЛИТОВЦЫ КАЗАХСТАНА.....	154
Опабекова Г.П. ДУХОВНЫЕ И ЛИТЕРАТУРНЫЕ НАСЛЕДИЯ X-XII ВЕКОВ И ИХ ЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ СОВРЕМЕННОСТИ.....	165
Садвокасова З.Т. ИСТОРИОГРАФИЯ ПО ПРОБЛЕМЕ ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ АДЫГЕЙЦЕВ.....	177
Сакенов С.К., Козыбаева М.М. ТОПОГРАФИЯ И ЛАНДШАФТ ПОСЕЛЕНЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ БРОНЗОВОГО ВЕКА В СЕВЕРНЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА.....	189
Суйнова А.Т. ПОЛИТИЧЕСКАЯ РАЗВЕДКА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА.....	199
Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВНУТРЕННЕЙ И ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ АБЫЛАЯ В РОССИЙСКИХ АРХИВНЫХ ИСТОЧНИКАХ (1748–1772 ГГ.).....	211
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ДВОРЯН В ОБЩЕСТВЕННОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО НАРОДА В XIX В.....	226
Уалтаева А.С. ИСТОРИОГРАФИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПЕТРОГЛИФОВ ЖЕТЫСУ.....	238

Хибина З.Н. НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ Г.БОЛИНГБРОКА И ИХ ВЛИЯНИЕ НА АНГЛИЙСКОЕ ПРОСВЕЩЕНИ).....	245
Шамшиденова Ф.М. ПРОЦЕДУРА ПРИСЯГИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КОЧЕВЫХ ПЛЕМЕН: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ	265
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А. МАТЕРИАЛЫ ПЕТРОВСКОГО ОБЩЕСТВА О РАЗВИТИЕ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В БУКЕЕВСКОЙ	276
Шилдебай С.К., Алдажуманов К.С. КАЗАХСТАНСКИЙ ПЕРИОДОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НУРБАПЫ УМУРЗАКОВА.....	291
Избаиров А.К., Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ОСНОВНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ И ПРИЧИНЫ ПРИВЕДЕНИЯ КАЗАХОВ В РОССИЙСКОЕ ПОДДАНСТВО.....	315

CONTENTS

Abylkhozhin Zh.B., Krupko I.V. GENEALOGY OF IDEOLOGICAL ARCHETYPES IN THE PANTHEON OF THE HISTORICAL MEMORY OF THE RUSSIAN EMPIRE.....	5
Aldazhumanov K., ASANOVA S. ON THE NATIONAL MILITARY FORMATIONS OF KAZAKHSTAN	13
Auezov E.K., Sydykov A.Zh., Krupko I.V. ON THE ISSUE OF THE ADMISSION OF THE ISLAM BY THE POPULATION OF THE SOUTH-EASTERN KAZAKHSTAN.....	30
Ayagan B.G., Satanov A.B. DEDICATION OF THE HISTORICAL MEMORY OF THE GREAT PATRIOTIC WAR IN THE EDUCATIONAL LITERATURE OF KAZAKHSTANI SCHOOLS.....	41
Dalayeva T.T. AWARDS IN THE EVERYDAY LIFE OF KAZAKH OFFICIALS IN THE RUSSIAN EMPIRE (XIX – EARLY XX CENTURIES).....	55
Zhuniskhanov A.S., P. Dupuy Doumani PRELIMINARY RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL EXPLORATION IN THE KOKENTAU AND SEMEYTAU MOUNTAINS.....	70
Kishkenbaeva Zh.K., Maslov Kh.B., Kozybayeva M.M. EARLY STAGES OF THE STUDY OF TURKIC FOLKLORE IN THE WORKS OF EUROPEAN AND RUSSIAN SCIENTISTS OF THE XVIII-XIX CENTURIES.....	79
Kassymova D., Kudaibergenuly B. ON SOME ASPECTS OF IDENTITY FORMATION THROUGH HISTORY TEXTBOOKS (TEXTBOOKS OF UZBEKISTAN.....)	90
Lapin N., Akanov K. KAZAKHSTAN-RUSSIAN RELATIONS IN THE 2000S. IN MODERN HISTORIOGRAPHY	100
Matyzhanov K.S. RELIQS OF ANCIENT RITUALS ASSOCIATED WITH CHILDBIRTH IN THE TRADITIONAL CULTURE.....	118
Matyzhanov K.S. REFLECTION OF HISTORY AND CULTURE IN KAZAKH RITUAL FOLKLORE.....	130
Moldakimova A., Syzdykova A., Zhantokova G. MULTICULTURALISM IN KAZAKHSTAN: THE HISTORY OF METHODICAL CHURCH FORMATION IN PAVLODAR.....	143
Mukhatova O.Kh. THE LITHUANIANS OF KAZAKHSTAN.....	154
Opabekova G.P. SPIRITUAL AND LITERARY HERITAGES OF THE X-XII CENTURIES AND THEIR VALUES FOR MODERNITY.....	165
Sadvokassova Z.T. HISTORIOGRAPHY ON THE ISSUE OF THE SPIRITUAL LIFE OF ADYGHE PEOPLE.....	177
Sakenov S.K., Kozybayeva M.M. TOPOGRAPHY AND LANDSCAPE OF THE BRONZE AGE SETTLEMENT COMPLEXES IN THE NORTHERN REGIONS OF KAZAKHSTAN.....	189
Suinova A.T. POLITICAL INTELLIGENCE SERVICE OF THE RUSSIAN EMPIRE IN CENTRAL ASIA IN THE FIRST HALF OF THE XIXth CENTURY.....	199
Tylakmetova A. SOME ASPECTS OF ABYLAI'S INTERNAL AND FOREIGN POLICY ACCORDING TO RUSSIAN ARCHIVAL SOURCES (1748–1772).....	211
Tuleshova U., Galimov Y. THE ROLE OF KAZAKH NOBLES IN THE SOCIAL AND CULTURAL LIFE OF THE KAZAKHS IN THE XIX CENTURY.....	226

Ualtayeva A.S. HISTORIOGRAPHY OF THE STUDY OF ZHETYSU PETROGLYPHS.....	238
Khibina Z. H. BOLINGBROKE'S SCIENTIFIC LEGACY AND THEIR INFLUENCE ON THE ENGLISH ENLIGHTENMENT.....	245
Shamshidenova F.M. OATH PROCEDURES IN THE EVERY DAY LIFE OF NOMADIC TRIBES: COMPARATIVE ANALYSIS	265
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Ermekbaev A.A. MATERIALS OF THE PETROVSK SOCIETY ON THE DEVELOPMENT OF PUBLIC EDUCATION IN BUKEEVSK	276
Shildebay S., Aldazhumanov K. KAZAKHSTAN PERIOD OF PUBLIC-POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF NURBAPA UMURZAKOV.....	291
Izbairov A.K., Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. THE MAIN PREREQUISITES AND REASONS FOR BRINGING KAZAKHS TO RUSSIAN CITIZENSHIP.....	315

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 3(23)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй